ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 19 қантарда іс №1912-25-00-2/2957 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы А.А.Қойтан отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар Министрлігі орман шарушылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер "M-Tender" атынан Абдрахманова Мадина Советхановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартын міндеттемелерін орындамағаны үшін жосықсыз қатысушысы деп тану және мемлекеттік кірісіне тұрақсыздық төлемін өндруді туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Уразбаев Н.Е.
Талап қоюшының өкілі Атманов Д.А.
Жауапкердің өкілі Б.Е.Кожахмет

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар Министрлігі орман шарушылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесімен жауапкер жеке кәсіпкер "M-Tender" атынан Абдрахманова Мадина Советхановнамен арасында жасалған 2025 жылғы 26 қазанда №040440007107/250127/00 шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптарына сәйкес жауапкер Мүгедектігі бар адамдарға арналған автокөлік

құралдарынан басқа, автокөлік құралдарын/жүйелерін/тораптарн/агрегаттарын жөндеу жніндегі жұмыстар сатып алу шарт күшіне енген күніне бастап 20 күнтізбелік күні ішінде деп белгіленген, яғни 2025 жылдың 14 қарашаға дейін жұмыстарын аяқтау тиіс болатын.

Ал, жауапкер шартарда көрсетілген міндеттерын толығымен орындаған жоқ. Осыған байланысты шарт талап қоюшы тарапынан бір жақты 2025 жылы 25 қарашада бұзылған.

Шарт бойынша міндеттемелерді тиісті орындамауына байланысты, талап қоюшының тарапынан Алматы облысы Қонаев қаласында орналасқан МАЭС-қа осы талап қою сотқа тапсырылды.

Жауапкердің тарапынан қарсы пікір жазбасша түрде тапсырылмаған.

Талап қоюшының өкілі сотта шартта көрсетілген қызметтерің жауапкер орындамағаның, осыған байланысты екі тарап арасында жасатқан мемлекеттік сатып алу келісім шарт бұзылды, талап қоюыды сотта толығымен құаттады.

Жауапкер сотта талап қоюмен келісней, автокөліктің құралдарының сомасы шартың сомасын көп болғанынан байланысты міндеттерің орындалмағанын айтты.

Прокурор өзінің қорытынды сөзінде талап қоюы қаңағаттандыруға жатады деп көрсеті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне шарт бойынша алған міндеттерың толығымен орындаған жоқ.

Осы мәліметті талап қоюшынын өкілі сотта толығымен растады.

Талап қоюшының тұрақсыздық айыппұлын өндірі туралы талабы екі тарап арасында жасатқан шартына сайкес.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, мерзімі өткенінін ескеріп, талап қою қанағаттандыруға жататын деп санайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қоюы қаңағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Документ подписан: Байбутаев Е. Д., 19.01.2026
Дата вступления в законную силу: 19.02.2026, судья Байбутаев Е. Д., 24.02.2026
1912-25-3-1/3384

АПК-нің 117, 223-226, 229, 401, 405 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар Министрлігі орман шарушылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер "M-Tender" атынан Абдрахманова Мадина Советхановна - мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралыталап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «"M-Tender" Абдрахманова Мадина Советхановнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жеке кәсіпкер "M-Tender" Абдрахманова Мадина Советхановнаның атынан мемлекеттік кірісіне талап қоюшы орналасқан жергілікті бюджетке (Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шонжы ауылы) 5 999 /бес мың төғыз жүз тоқсан тоғыз / теңге көлемінде тұрақсыздық айыппұл есебінде өндірілсін.

Жеке кәсіпкер "M-Tender" Абдрахманова Мадина Советхановнаның атынан мемлекеттік кірісіне сот орналасқан жергілікті бюджетке (Алматы облысы Қонаев қаласы) 2 146 /екі мың бір жүз қырық алты/ теңге көлемінде сот шығындар яғни мемлекеттік баж есебінде өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Документ подписан: Байбутаев Е. Д., 19.01.2026

Дата вступления в законную силу: 19.02.2026, судья Байбутаев Е. Д., 24.02.2026